

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ
ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ

№ 23 01 2018 ж.

ЖАРҒЫҒА 2022 ж. 11 - 04

№ 895-1926-01 ММ РІК

ЕНГІЗІЛГЕН БӨЛГЕРІҮДЕР МЕН
ТОЛЫҚТЫРУЛАР ТІРКЕЛГЕН

2000 ж. 12 - 05

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН
ОБЛЫСЫНЫҢ
ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ

000540002447 БСН



БЕКІТІЛДІ
Орал қаласы әкімдігінің
2022 жылғы «30» 03 № 516
қаулысымен

**«Орал қаласының экономика
және бюджеттік жоспарлау бөлімі»
мемлекеттік мекемесі туралы
Е Р Е Ж Е**

Орал қаласы 2022 жыл

2022 жылғы «31» 03 № 576
Орал қаласы әкімдігінің қаулысына
ҚОСЫМША

2017 жылғы 29 желтоқсандағы №3662
Орал қаласы әкімдігінің қаулысымен
бекітілген

2017 жылғы 13 қаңтардағы № 55
Орал қаласы әкімдігінің қаулысымен
бекітілген

2013 жылғы 31 мамырдағы № 1574
Орал қаласы әкімдігінің қаулысымен
бекітілген

2012 жылғы 6 желтоқсандағы № 3153
Орал қаласы әкімдігінің қаулысымен
бекітілген

2010 жылғы 15 сәуірдегі № 798
Орал қаласы әкімдігінің қаулысымен
бекітілген

1-тарау. Жалпы ережелер

1. «Орал қаласының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - «Орал қаласының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» ММ) экономикалық және бюджеттік жоспарлау саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. «Орал қаласының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» ММ өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және Заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. «Орал қаласының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» ММ ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрлері және атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

4. «Орал қаласының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» ММ азаматтық-құқықтық қарым-қатынастарға өз атынан жасайды.

5. «Орал қаласының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» ММ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген жағдайда ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

6. «Орал қаласының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» ММ өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен «Орал қаласының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» ММ басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. «Орал қаласының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» ММ құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

8. Заңды тұлғаның орналасқан жері: «Орал қаласының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» мемлекеттік мекемесі. Заңды мекенжайы-индексі 090000, Қазақстан Республикасы, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 182/1.

9. Осы ереже «Орал қаласының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» ММ құрылтай құжаты болып табылады.

10. «Орал қаласының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» ММ қаржыландыру Қазақстан Республикасының Заңнамасына сәйкес республикалық және жергілікті бюджеттерден, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) жүзеге асырылады.

11. «Орал қаласының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» ММ кәсіпкерлік субъектілерімен «Орал қаласының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» мемлекеттік мекемесінің өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге жол берілмейді.

Егер «Орал қаласының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» ММ заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

2-тарау. «Орал қаласының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» мемлекеттік мекемесінің мақсаттары мен өкілеттіктері

12. Мақсаттары:

- қаланың әлеуметтік-экономикалық даму басымдылықтары мен стратегиялық мақсаттарын белгілеу;
- қала аумағындағы салық және ақшалай несие беру саясатымен өзара әрекет ете отырып, жергілікті деңгейде мемлекеттік бюджеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру.

13. Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

• өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдардан, мемлекеттің қатысуымен заңды тұлғалардан және басқа да ұйымдар мен жеке тұлғалардан қажетті ақпараттар мен құжаттарды сұратуға және алуға;

• сараптау өткізуге және кеңес беруге орталық және жергілікті органдарының мамандарын, сондай-ақ тәуелсіз сараптаушыларды тартуға құқылы (келісім бойынша);

• мүліктік және мүліктік емес құқықтарды алуға және жүзеге асыруға;

• мемлекеттік басқару органдарының, мұрағаттардың, ғылыми мекемелердің ақпараттық деректер базаларын пайдалануға;

• шарттар, келісімдер жасасуға;

• Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көзделген өзге де құқықтарға ие болуға құқылы.

2) міндеттері:

• Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің және өзге де орталық, жергілікті атқарушы органдардың, облыс, қала әкімінің және әкімдігінің актілері мен тапсырмаларын сапалы және уақтылы орындау;

• қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі бағыттары бойынша ұсыныс енгізуге;

• «Орал қаласының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» мемлекеттік мекемесінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша қала әкімінің және әкімдігі актілерінің жобаларын дайындау;

• Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

14. Функциялары:

• экономикалық жоспарлау саясатын жүзеге асыру. Мемлекет басшысының Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдауы мен мемлекеттік және салалық бағдарламалардың, жол карталардың жүзеге асырылуы бойынша ақпараттық-аналитикалық материалдар дайындау;

• қаланың әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштеріне мониторинг жүргізу, ақпараттық-талдамалық материалдар әзірлеу;

• ауылдық аумақтарды дамыту жөніндегі іс-шараларды талдау, оларды іске асыру жөніндегі қызмет нәтижесінің мониторингін жасау;

• мемлекеттік бюджет, инвестиция саясатын жергілікті деңгейде қала аумағындағы салық және ақша-кредит саясатымен өзара іс-қимылды қалыптастыру және жүзеге асыру;

• аумақтық салық органдарымен бірлесіп жергілікті бюджетке түсімдерді болжау;

• қалалық бюджеттің, кенттер мен ауылдық округі бюджеттерінің алдағы үш жылдық кезеңге арналған негізгі параметрлерін әзірлеу, алдағы қаржы жылына арналған қала бюджетінің, кенттер мен ауылдық округі бюджеттерінің жобасын әзірлеу, өзгерістер мен толықтырулар енгізу барысында қызметін үйлестіру;

• жоспарлы кезеңге арналған қалалық бюджетті, кент және селолық округ әкімі аппараттарымен бірлесіп кенттер мен ауылдық округі

бюджеттерін бекіту, нақтылау туралы қалалық мәслихат шешімінің жобасын әзірлеу;

- тиісті қаржы жылына арналған қалалық бюджетті бекіту, нақтылау туралы қалалық мәслихат сессиясының шешімін іске асыру жөнінде қала әкімдігі қаулысының жобасын әзірлеу;

- ағымдағы және алдағы кезеңдердің бюджет көрсеткіштеріне өзгерістер енгізу;

- заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу арқылы іске асыруға жоспарланып отырған бюджеттік инвестициялардың, бюджеттік кредиттеудің қаржылық-экономикалық негіздемелері бойынша және жергілікті бюджеттік инвестициялық жобаларға экономикалық қорытынды әзірлеу;

- жергілікті бюджет қаражаты есебінен бюджеттік инвестициялардың іске асырылуына мониторинг жүргізу;

- мемлекеттік-жекешелік әріптестікті дамыту бойынша қала әкімдігі бөлімдерінің қызметін үйлестіру;

- экономикалық және бюджеттік жоспарлау жүйесінде әдістемелік көмек көрсету;

- «Орал қаласының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» ММ құзыретіне кіретін мәселелер бойынша нормативтік құқықтық актілердің жобаларын дайындау;

- жергілікті мемлекеттік басқару мүдделерінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

3-тарау. «Орал қаласының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттіктері

15. «Орал қаласының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» ММ басқаруды бірінші басшысы жүзеге асырады, ол «Орал қаласының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» ММ жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

16. «Орал қаласының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» ММ бірінші басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады.

«Орал қаласының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» ММ бірінші басшысы өз ұжымындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыстардың жағдайына дербес жауапты.

17. «Орал қаласының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» ММ бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын орынбасарлары болады.

18. «Орал қаласының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» ММ бірінші басшысының өкілеттіктері:

- «Орал қаласының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» ММ жұмысын ұйымдастырады, оның қызметіне басшылық етуді жүзеге асырады;
 - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес «Орал қаласының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» ММ қызметкерлерін лауазымға тағайындайды және босатады;
 - Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен «Орал қаласының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» ММ қызметкерлерін көтермелейді және тәртіптік жаза салады;
 - барлық мемлекеттік органдарда және басқа ұйымдарда «Орал қаласының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» ММ мүддесін білдіреді;
 - өзінің орынбасарлары, сектор меңгерушілері және басқа да бөлім мамандарының міндеттері мен өкілеттігін белгілейді;
 - «Орал қаласының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» ММ қызметкерлерінің мемлекеттік қызметшілер этикасының нормаларын сақтауын қамтамасыз етеді.
 - Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына сәйкес басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.
- «Орал қаласының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес, оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.
19. Бірінші басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес айқындайды.

4-тарау. «Орал қаласының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» мемлекеттік мекемесінің мүлкі

20. «Орал қаласының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» ММ жедел басқару құқығында өз мүлкі бар.

«Орал қаласының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» ММ мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

21. «Орал қаласының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» ММ қарауына тіркелген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

22. Егер заңнамада белгіленбесе, «Орал қаласының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» ММ өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5-тарау. «Орал қаласының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату

23. «Орал қаласының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» ММ қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.